

Жол полициясының тексерісі бойынша тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 476 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 5 ақпандағы № 33 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6056 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 843 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 696 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 15.10.2015 № 843 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.11.2015 № 696 бірлескен бұйрығымен.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) көлік құралдарын пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін тексеру парақтарының нысаны;

2) көлік құралдары жүргізушілерін даярлауды, қайта даярлауды жүзеге асыратын субъектілер үшін тексеру парақтарының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (Қ.С. Тыныбеков):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми сайтында орналастыруды;

3) осы бұйрықтың талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы бұйрықты зерделеуді және талаптарын орындауды ұйымдастырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары А.Ж. Күреңбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасының
С. Баймағанбетов

жоспарлау министрі

Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің 2009 жылғы
10 желтоқсандағы № 476 және

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 5 ақпандағы
№ 33 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

**Көлік құралдарын пайдалануға қатысты қызметті
жүзеге асыратын субъектілер үшін
ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Тексеру тағайындаған жол полициясы бөлінісі _____

Тексеру тағайындау туралы акт _____
(№ , күні)

Субъектінің атауы _____

СТН (ЖБН, БИН) _____

Орналасқан мекен-жайы _____

№	Талаптардың тізбесі	Иә	Жоқ
Көлік құралдарына арналған талаптар			
1	Белгіленген тәртіппен жол полициясында тіркелген көлік құралдары		
2	Пайдаланудағы көлік құралдарының мемлекеттік техникалық байқаудан өткені туралы куәлігі бар		
3	Пайдалануға берілген көлік құралдары рейс алдында техникалық байқаудан өтеді		
4	Пайдаланылатын көлік құралдарының техникалық жағдайы (ақауы жоқ)		
Жүргізушілермен жұмыс ұйымдастырудағы			

қойылатын талаптар			
5	Жүргізушілерде басқаратын көлік құралдарына тиісті санатымен жүргізуші куәлігі бар		
6	Жүргізушілер рейс алдында медициналық байқаудан өткізіледі		
7	Жүргізушілер ағымдағы медициналық байқаудан өткізіледі		
8	Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүргізушілердің біліктілігін арттыруға жағдай жасалған		
9	Жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге жүргізушілердің дәрігерлерге дейінгі көмек көрсету дағдыларын жетілдіру жөніндегі шаралар ұйымдастырылған		
10	Субъектілердің көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол-көлік оқиғаларына талдау жүргізіледі		
11	Субъектілердің көлік құралдары жүргізушілері жол жүрісі ережесін бұзғандарына талдау жүргізу		

Тексерістің аяқталған күні _____

Жол полициясының лауазымды тұлғалары:

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

Субъект жетекшісі, жеке кәсіпкер:

_____ (Т.А.Ә., лауазымы) _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің 2009 жылғы
10 желтоқсандағы № 476 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 5 ақпандағы
№ 33 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

**Көлік құралдары жүргізушілерін даярлауды, қайта даярлауды жүзеге асыратын субъектілер үшін
ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Тексеру тағайындаған жол полициясының бөлінісі _____

Тексеру тағайындау туралы акт _____

(№ , күні)

Субъектінің аты _____

СТН (ЖБН, БИН) _____

Орналасқан мекен-жайы _____

№	Талаптардың тізбесі	Иә	Жоқ
Материалды-техникалық базасына талаптар			
1	Сабақ өткізілетін үй-жайлар (жалға алуға рұқсат етіледі)		
2	Жүргізушілерді даярлау, қайта даярлауға бекітілген үлгі және оқу бағдарламаларына сәйкес оқу процессін жүргізуін қамтамасыз ететін жабдықтары (оқу және зертханалық)		
3	Оқу өткізілетін санат бойынша көлік құралдары		
4	Көлік құралдары тәжірибелік жүргізуді үйрету үшін қажетті, бекітілген талаптарға сәйкес жүруді үйретуге арналған		
5	Пайдаланылатын көлік құралдарының техникалық жағдайының ақауы жоқ		
6	Оқу құжаттарының стенді		
7	Жүргізушілерді даярлау, қайта даярлау мәселелері бойынша өзекті нормативтік құжаттардың қоры бар		
Персоналдарға қойылатын талаптар			
8	- Автомобиль мамандығы бойынша жоғары немесе орта техникалық білімі бар		
	- автомобильді жүргізу бойынша өндірістік оқудың оқытушылары мен шеберлері бар;		
	- оқыту жүргізілген санаттағы жүргізуші куәлігі;		
	- жүргізуші өтілі кемінде 5 жыл;		
Оқу процессіне қойылатын талаптар			
9	Үлгілік бағдарламалар пәндері бойынша оқу және тақырыптық жоспарлары		
10	Ұйымдармен бекітілген, тақырыптық негізінде әзірленген оқу бағдарламалар бар		
11	Сабақ кестесі		
12	Жүргізу кестесі		
13	Бағыттың сызбасы		

Тексерістің аяқталған күні _____

Жол полициясының лауазымды тұлғалары:

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

Субъект жетекшісі

(Т.А.Ә., лауазымы)

(ҚОЛЫ)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ